



БҰЙРЫҚ

20.05.2021 г.
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *172*
город Нур-Султан

**«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры»
акционерлік қоғамының 2020 жылға
арналған жылдық қаржылық есептілігін
бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Crowe Audit KZ» тәуелсіз аудиторлық компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тәуелсіз аудиторының есебіне, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 1 шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2021 жылғы 14 мамырдағы № КГИП-03-КГ/3858 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамның Бас директоры:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жылдық қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізетін ұйымға жолдауды;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде оның көшірмесін және Қоғамның 2020 жылға арналған жылдық аудиторлық есебін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қаржы департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау бірінші вице-министрі



А. Сарбасов

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау бірінші вице-министрінің
2021 жылғы 20 Маусым
№ 172 бұйрығына
қосымша

**«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры»
акционерлік қоғамының 2020 жылға арналған
жылдық қаржылық есептілігі**